

**Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі
орталық аппаратының құрылымы туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1659.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.23. N 646 қаулысымен. ~P970646

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 54 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне министрдің 2 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, саны 9 адамдық алқа ұстауға рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің орталық аппараты үшін 3 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1784 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы

N 1784 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 наурыздағы N 339 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1784 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 11 қыркүйектегі N 1108 қаулысы.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1659 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі орталық аппаратының Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Басшылық

Мұнай және газ жөнінде жер қойнауын геологиялық зерделеуді және
игеруді талдау мен болжау бөлімі

Қатты пайдалы қазбалар жөнінде жер қойнауын геологиялық
зерделеуді және игеруді талдау мен болжау бөлімі

Гидрология және жер асты суларының мониторингі бөлімі

Жер қойнауын қорғау бөлімі

Қаржы-экономика бөлімі

Нормативтік-құқықтық сектор

Бірінші бөлім

Кадр бөлімі